

6B01602 «ТАРИХ-ДІНТАНУ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01602 «Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;
- дін мәселелері бойынша ғылыми қызметкер, эксперт- дінтанушы.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;

- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату.

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
 - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
 - білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
 - педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.

2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- ON1 – отан және дүниежүзі тарихы кезеңдерін, отандық, әлем тарихының ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін сипаттайды.
- ON2 – танымдық, кәсіби және ғылыми зерттеулерде модельдеуді қолдану негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдай біледі.
- ON3 – Қазақстан мен әлем елдерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатын, адамзаттың мәдени әртүрлілігін түсіндіреді.
- ON4 – тарихи оқиғаларды, діни құбылыстарды, олардың әр түрлі тарихи кезеңдерде отандық және әлемдік тарихқа ықпалы тұрғысынан бағалайды.
- ON5 – дін теориясы мен тарихы саласындағы білімі мен түсініктерін көрсетеді.
- ON6 – қоғамдағы философиялық және діни проблемаларды талдайды.
- ON7 – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялайды.
- ON8 – оқыту мақсаты мен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологиялар мен АКТ қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастырады.
- ON9 – критериалды бағалау, диагностикалау, қысқа мерзімді оқу жоспарын әзірлеу технологияларын қолданады.
- ON10 – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетін көрсетеді.

- ON11 – психологиялық-физиологиялық, педагогикалық, инклюзивті білім негізінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелерді шеше алады.
- ON12 – гуманитарлық, экономикалық, экологиялық білім негізінде әлеуметтік және кәсіби салада туындаған даулы мәселелерді шеше алады.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кре дит сан ы	Оқу нәтижелері (коды)											
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11	ON12
Жалпы білім беретін пәндер циклі															
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады, пәнаралық білімді интеграциялайды.	5			+					+			+	
Базалық пәндер циклы															
Жоғары оқу орны компоненті															
2	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық	5								+			+	

		ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқушылардың қабілеттерін айқындау, дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.												
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады, пәнаралық білімді интеграциялайды.	5						+				+	+
4	Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыруы жолдары қарастырылады, пәнаралық білімді интеграциялайды.	5						+				+	

5	Археология	«Археология», «археологиялық мәдениет» ұғымдарымен таныстырады. Археологияның басқа ғылымдармен, Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеумен байланысын көрсетеді. Археологиялық нысандарды модельдеу әдістерін зерттейді, археологиялық объектілердің хронологиясы мен кезеңдеуін, археологиялық ескерткіштердің типологиясы мен түрлерін, археологиялық зерттеулер жүргізу әдістемесімен, тас, қола, темір дәуірі археологиясымен таныстырады. Адамзаттың ертедегі мәдени дамуын көрсетеді.	5	+	+	+	+									
6	Мектепте оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері	Мектепте оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдерімен, технологияларымен, АКТ-мен, жаңартылған бағдарламалар бойынша мектепте тарихты оқытудың ерекшеліктерімен таныстырады. Оқыту нәтижелерін бағалаудың қазіргі заманғы негізгі құралдарын, оларды қолданудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Диагностика әдістерін, сабақты дайындау және ұйымдастыру формаларын, формативті және жиынтық бағалаудың қолдану ерекшеліктері талданады. Қысқа мерзімді оқу жоспарларын дайындауға үйретеді.	5							+	+	+				
7	Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру	Пән мектепте оқыту процесін ұйымдастыру мен оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерімен, АКТ әдістерімен таныстырады. Инновациялық	5							+	+		+			

		технологиялардың теориялық және практикалық негіздері, инновациялық технологиялардың түрлері, әдістері, функциялары, олардың оқу процесіндегі тиімділігі, пәнаралық байланыстар, жалпыәдістемелік инновациялар, инновациялық технологиялардың оқушылардың ынталандыруына тигізетін ықпалы зерттеледі.													
8	Буддизм	Буддизмнің пайда болуының тарихи алғышарттары, кезеңдері, Гаутама туралы аңыз және оның уағызының мәні, гносеологиясы, буддизм космологиясы зерттеледі. Әлемнің алуан түрлілігінің концепциясы, өмір қасіреті, сансара мен карма туралы ілім, нирвана ұғымы мен оған жетудің шарттары, құтылудың сегіз жолы, төрт игілік ақиқат қарастырылады. Буддизмнің негізгі бағыттары, мәдениеті, оның қазіргі әлемдегі рөлі талданады.	4	+		+	+	+	+						
9	Христиан діні	Христиандықтың пайда болуының әлеуметтік-тарихи алғы шарттары, кезеңдері, Иса Мәсіх туралы Інжіл әңгімелері, христиандықтың ұйымдық қалыптасуы, таралуы, тарихи дамуы зерттеледі. Православие, католицизмнің қалыптасуы, негізгі догматтары, шіркеулік ұйымы мен культі қарастырылады. Реформация және протестантизмнің пайда болуы, оның негізгі ағымдары көрсетіледі. Қазіргі Қазақстандағы православие және басқа да христиандық конфессиялар, олардың қоғамдағы рөлі талданады.	4	+		+	+	+	+						

10	Ислам	Исламның пайда болуының әлеуметтік-саяси алғышарттары, кезеңдері, Мұхаммедтің өмірі мен ілімі, Құран мен Сунна діни ілімнің көзі ретінде, ислам заңдары, исламдағы культтер мен мерекелер зерттеледі. Исламдағы бағыттар мен ағымдар, исламдық құқықтық мектептер, исламның таралу территориясы, қазіргі әлемдегі ислам, оның саясатпен байланысы, қазіргі Қазақстан аумағына исламның таралуы мен рөлі қарастырылады.	8	+		+	+	+	+						
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті															
11	1. Алғашқы қоғам тарихы	Түрлі теориялар мен деректер негізінде адамның пайда болуын, адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа секілді алғашқы бірлестік формаларын және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттейді, жер бетіндегі алғашқы адамдардың рухани мәдениеті, дүниетанымдық көзқарастары мен ғылыми білім көздерінің қалыптасуы туралы білім беріледі, адамзаттың тіршілік әрекеті бойынша пәнаралық байланыстарды интеграциялайды.	3	+			+			+					
	2. Антропогенез және социогенез негіздері	Адамзат баласының шығу тегі туралы әр түрлі деректер, теориялық гипотезалар, пікірталастарды қарастырады. Адамдардың жануарлар әлемінен бөлініп шығуы кезеңдері, адам морфологиясы, антропогенезі, нәсілдер мен этностардың қалыптасуын зерттейді. Антропогенез үдерісінің қозғаушы күштері, адам қоғамының пайда болып дамуының													

		эволюциялық және тарихи даму процесін көрсетеді. Адамзаттың тіршілік әрекеті бойынша пәнаралық білімді интеграциялайды.													
12	1. Ежелгі дүние тарихы	Жазба, фольклорлық және материалдық деректер негізінде ежелгі қоғамның кезеңделуін, әлеуметтік ұйымдасуын, ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін зерделейді, ежелгі дүниедегі құлдықтың ерекшеліктерін анықтайды. Афины мемлекетінде демократияның пайда болу себептерін, мемлекетаралық қатынастарды түсіну үшін «империя» ұғымын ашып көрсетеді. Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін, ежелгі қоғамның дамуына діннің әсерін сипаттайды.	7	+		+	+	+							
	2. Көшпелі өркениет тарихы	Көшпелі өркениет ұғымын, көшпелі қоғам эволюциясының кезеңдерін, дала өркениетінің әлемдік мәдениетке әсерін зерттейді. Номадтар проблемалары бойынша әр түрлі теориялар, концепциялар талданады, қазақ даласында көшпелілер өркениетінің қалыптасуы, көшпелілер экономикасы, әлеуметтік құрылымы, әскери ұйымы, саяси билік, билік жүргізу жүйесі, көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылық, егіншілік және қалалық типті симбиоз тарихи деректер негізінде қарастырылады													
13	1. Қазақстанның ежелгі тарихы	Ежелгі Қазақстан тұрғындарының тұрпатын, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік	5	+		+	+	+							

		топтардың ерекшеліктері мен тіршілігін, кезеңдеуді жазба және материалдық деректер негізінде зерттейді. Археологиялық ескерткіштерді, Андронов, Беғазы-Дәндібай мәдениетін, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, олардың өзіндік белгілерін қарастырады. Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасу үдерістерін, көшпелілердің наным-сенімдерін, дүниетанымын, олардың Орталық және Алдыңғы Азиядағы орны мен рөлін анықтайды.													
	2. Оңтүстік Қазақстандағы тас, қола, ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер	Өлкенің ескерткіштерінің географиялық орналасуын көрсетеді, тарихи кезеңдердің хронологиясын, жәдігерлердің түрлерін, типтерін сипаттайды. Тас, қола, ерте темір дәуіріндегі ежелгі тұрғындардың миграциясын еңбек құралдар мен тұрмыстық заттар арқылы, демографиялық төңкерістің халықтың дамуына тигізген әсерін, шаруашылықтың негізгі түрлерінің қалыптасуын, әлеуметтік жағдайдың идентификациясын, тұрғындардың тұрмыс тіршілігін жазба және археологиялық деректер арқылы сипаттайды.													
14	1. Орта ғасырлар тарихы	Тарихтағы «орта ғасыр», «феодализм» ұғымдыры, оның хронологиялық шеңбері мен кезеңдері, халықтардың ұлы қоныс аударуы, феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері, феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы, ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері тарихи деректер мен тарихшы-	5	+		+	+	+							

		медиевистердің еңбектерінің негізінде оқытылады. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін, шаруалар көтерілістерін, феодалдық соғыстарды, абсолютизмнің қалыптасуын сипаттайды.													
	2. Қайта өрлеу және ортағасырлық батысеуропалық мәдениет	Тарихи процестер контекстінде «Қайта өрлеу», «гуманизм» ұғымдары тарихи деректер, медиевистердің еңбектері негізінде түсіндіріледі. Қайта өрлеу мәдениетінің хронологиялық шегі, географиялық кеңістігі, антикалық мәдениетпен байланысты оның пайда болуының алғышарттары ашылып көрсетіледі. Италияндық интеллигенцияның жаңа мәдениеттің субъектісі ретінде екендігі, гуманизмнің ірі өкілдері, олардың идеялары, Қайта өрлеу дәуірінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі қарастырылады.													
15	1. Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы	Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын, үстемдік етушілер мен бағыныштылардың өзара қатынасын, адамның дүниетанымының өзгеру себептерін, қоғамдық өмірдегі діннің рөлін, антифеодалдық көтерілістердің себептерін, салдарын, феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін тарихи деректер негізінде сипаттайды. Шығыстағы монархия формаларын, ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін, экономикалық қатынастардың формаларын зерделейді. Тарих бойынша пәнаралық білімді	5	+		+	+	+		+					

		интеграциялайды.													
	2. Ислам мәдениетінің тарихы	«Ислам мәдениеті» ұғымы, ислам мәдениетінің пайда болу тарихы түсіндіріледі, исламды ұстанатын халықтардың классикалық және қазіргі мәдениеті, ислам мәдениетінің өнерде, ғылымда, көркем әдебиетте, архитектурада қол жеткен жетістіктері қарастырылады. Тарихи деректер мен тарихшылардың еңбектерінің негізінде ислам мәдениетінің ерекшеліктері, кезеңдері ұлттық және жалпы мұсылман контекстінде оқытылады.													
16	1. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы	Қазақстан аумағындағы түркі мемлекеттері, оларды кезеңдеу, феодалдық қатынастардың дамуы, сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай, жанжалдар, шаруашылық түрлері, өнер және мәдениет, сауда байланыстары туралы білім қалыптастырады. Моңғол шапқыншылығы жылдарындағы Қазақстан тарихын, Алтын Орданың тарихын, Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюын тарихи деректер негізінде оқытады. Орта ғасырлар тарихы бойынша пәнаралық білімді интеграциялайды.	5	+		+	+			+					
	2. Қазақ халқының рухани мәдениеті	Қазақ халқының рухани мәдениетінің даму кезеңдерін ашып көрсетеді. Айтысты, шешендік өнерді тарихи кезеңдермен, әйгілі тұлғалармен, тарихи оқиғалармен сабақтастырып оқытады. Тарихи деректер мен ғылыми еңбектер негізінде Қазақстанда ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, фольклор, жыраулар өнері туралы білім													

		қалыптастырады. Әлемдік мәдениет тарихы бойынша пәнаралық білімді интеграциялайды.													
17	1. Қазақ ойшылдарының діни көзқарастары	Ақын - жырау мұрасының рухани-діни негіздерін, олардың шығармашылығындағы адамгершілік мәселелерін зерттейді. Қазақ ағартушыларының діни ізденістері, олардың шығармаларындағы ислам философиясы қарастырылады. Ислам құндылықтары мен джададизм идеяларының ұлттық интеллигенцияны қалыптастырудағы рөлі бағаланады. Дін мен руханилыққа қатысты ұлттық интеллигенцияның идеялары талданады.	5			+	+	+	+						
	2. Діндер географиясы	Әртүрлі діндердің таралу аймағын, олардың жергілікті ерекшеліктерін, пайда болуының экономикалық және әлеуметтік жағдайларын зерттейді. Діни ілімдердің халықтардың салт-дәстүрлерімен байланысын, діндердің таралуының тарихи тағдырға әсерін талдайды. Діндердің географиялық таралуының әлемдегі геосаяси жағдаймен өзара байланысын бағалайды.													
18	1. Діни антропология	Түрлі діни дәстүрлердегі адам табиғаты түсінігі және оның жаратушыға, қоғамға және басқа адамдарға қатынасы, адамның шығу тегі, өмір сүрудің әлеуметтік және метафизикалық негіздері, адам болмысының заңдары мен категориялары, күнә мен құтқарылу, өлім және өлімнен кейінгі тіршілігі туралы қарастырады.	6			+		+	+	+					
	2. Дін философиясы	Философия мен діннің арақатынасын, діннің мәні проблемасын, діннің пайда													

		болуы туралы негізгі концепцияларды қарастырады, діннің адамзат тарихындағы орнын анықтайды. Философия тарихындағы адамгершілік пен дін қатынастарын талдайды, негізгі дүниетанымдық жүйелерді, ежелгі Шығыс діндерін, діндегі монотеистік концепцияларды, философиялық теологияны, антикалық орта, жаңа және қазіргі заман философиясындағы дін концепцияларын сипаттайды және интеграциялайды.													
19	1. Діни кітаптар	Ежелгі Шығыстың қасиетті мәтіндерін зерттейді. Ведаларды үнді әдебиетінің діни - философиялық мұрасы, Трипитаканы буддизмнің классикалық мектебінің мәтіндерінің канондық жинағы, Авестаны ежелгі ирандық діннің қасиетті кітабы ретінде оқытады. Інжіл, оның құрылымы, мазмұны, рухани тұжырымдамалары талданады. Құран - ислам мәдениеті ескерткіші ретінде зерттеледі. Қасиетті кітаптарға, олардың қазіргі әлемдегі рөліне салыстырмалы талдау жүргізіледі.	5			+	+	+	+						
	2. Құран Қасиетті жазба және әдеби ескерткіш ретінде	Құран мәтіндерінің құрылуын және «канондалуын», кейін мәтіндердің унификациялануын, оқылуы мен жазылуындағы әртүрліліктің жойылуын қарастырады. Құранды басып шығаруға байланысты идеялық-саяси күрес талданады. Құран мәтінін: құрылымын, құрамын, аңыздарды, мысалдарды, эпикалық пікірлерді, полемика элементтерін, Інжілден бастау алатын													

		сюжеттерді, құрандық бейнелерді, зерттейді. Құранның әлеуметтік этикасын, оның қазіргі әлемдегі рөлін талқылайды.													
20	1. Қазіргі заманғы дәстүрлі емес діни қозғалыстар мен табынулар	Жаңа діни қозғалыстар мен дәстүрлі емес культтердің пайда болуын, сипатын, ерекшеліктерін, діни секталардың мәнін, табиғатын қарастырады. Христиан секталарын, жаңа протестанттық құрылымдарды, саентологиялық және сатанистік ұйымдарды, неоориенталистік культтерді, дәстүрлі емес ислам ағымдарын көрсетеді. Қазіргі мистицизм, оның тамырларын, таралу себептерін зерттейді. Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ағымдарды және олардың саяси жағдайға әсерін талдайды.	5			+	+	+	+						
	2. Исламдағы ағымдар мен бағыттар	Исламның бөлінуінің тарихи және догматикалық себептерін, негізгі бағыттардың пайда болуы мен дамуын, қазіргі исламдағы ағымдардың идеялық негіздері мен ерекшеліктерін қарастырады. Ваххабизм ілімінің негізін сипаттайды, бехаизм, бабизм, кадианизм сияқты дәстүрлі емес діни ағымдардың идеялық-саяси бағытын, Хизбут Тахрир, Таблиғи Жамағат ілімінің экстремистік сипатын, олардың әлемдегі жалпы саяси жағдайдағы ролін көрсетеді.													
21	1. Қазақстан Республикасындағы діни ахуал	Қазақстандағы діни ахуалдың қазіргі жағдайы және проблемаларымен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңымен, діни сенім бостандығы ұғымымен, дін саласын реттейтін актілермен, дін саласындағы мемлекеттік	5			+	+	+	+						

		саясатты іске асырудың негізгі принциптерімен, діни ауызбіршілікті сақтау мен нығайтудағы мемлекеттік саясаттың басым бағытымен, бейбітшілік пен дінаралық келісімді орнату бойынша ҚР саясатымен таныстырады.													
	2. Қазақтардың мәдени дәстүрлерінің исламдық негіздері	Қазақ даласында ислам таралуының мәдени, тарихи және рухани бастауларын көрсетеді. Қазақстандағы мұсылмандық дүниетанымға аксиологиялық сипаттама береді. Қазақ қоғамындағы ислам құндылықтарының мәдени-әлеуметтік құрылымын, ислам құндылықтары мен қазақ дәстүрлері арасындағы сабақтастық пен үйлесімділікті қарастырады. Діндегі дәстүрдің орнын, Ханафи мазхабындағы шариғат пен әдеттің қатар өмір сүру формаларын зерттейді.													
Бейіндеуші пәндер циклі															
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															
22	Тарихты және дінтануды оқыту әдістемесі	Мектепте тарих пен дінтану пәндерін оқытуға қатысты нормативті құжаттармен таныстырады. Дәстүрлі әдістер мен инновациялық технологияларды, мультимедиялық құралдарды, жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың нысандары мен әдістерін, критериалды бағалау технологиялары, қысқа мерзімді оқу жоспарларын әзірлеуді оқытады, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары бойынша пәнаралық білімді интеграциялайды.	5								+	+	+	+	
23	Тарихи және діни білімнің цифрлық	Ақпаратты жинау, бағалау, сақтау, дайындау, ұсыну, алмасу үшін сандық	5								+	+		+	

	ресурстары	технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеуді техникалық қамтамасыз ету құралдарымен, бағдарламалармен, бірлескен кәсіби қызмет үшін желі байланысының дағдыларымен таныстырады. Мәліметтер қорын, мультимедианы, Мәтін, кесте түріндегі ақпараттарды талдауды, синтездеуді, бағалауды зерттейді. Қоғамдық ғылымдар бойынша пәнаралық байланыстарды интеграциялайды.													
24	1. Қазақстанның жаңа заман тарихы	Қазақстанды Ресейдің жаулап алу процесін, кезеңдерін, Қазақ хандығының Абылайдың тұсында көтерілуін, ұлт-азаттық қозғалыстарды, XIX ғасырдың 2-ші жартысындағы отарлық реформалардың салдарын қарастырады. Тарихи деректер мен ғылыми еңбектер негізінде XX ғ. басында саяси өмірдің жандануын, тәуелсіздік үшін күрестегі ұлттық интеллигенцияның рөлін зерттейді. Гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар бойынша пәнаралық байланыстарды интеграциялайды.	5	+	+		+	+		+					
	2. Алаш қозғалысының тарихы	«Алаш» қозғалысының тарихы және ұлттық-азаттық идеялардың қалыптасу кезеңдері, қазақ зиялыларының қалыптасу процесі және олардың қоғамдық-саяси қызметі, «Алаш» партиясының бағдарламасы қарастырылады. Ұлттық интеллигенцияның өміріне, мәдени-ағартушылық қызметіне қатысты тарихи деректер мен ғылыми еңбектер талданады және олардың отан тарихындағы рөлі													

		бағаланады. Гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар бойынша пәнаралық байланыстарды интеграциялайды.													
25	1. Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы	Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихи дамуын әлемдік тарих контекстінде көрсетеді. Әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеялық және рухани дамудың ерекшеліктерін анықтайды. Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы бойынша жаңа ғылыми категориялық аппаратпен және негізгі деректермен таныстырады. Жаңа тарих бойынша негізгі тұжырымдамалар мен іргелі еңбектер туралы түсінік береді.	5	+		+	+								
	2. Жаңа заман дәуіріндегі халықаралық қатынастар	Тарихи деректер мен ғылыми еңбектер негізінде мемлекеттер, жаңа замандағы мемлекеттік жүйелер, халықаралық деңгейде әрекет ететін ұйымдар мен қозғалыстар, әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер арасындағы дипломатиялық, саяси, құқықтық, идеологиялық, мәдени, шаруашылық байланыстарды сипаттайды. Әскери-саяси одақтардың құрылуын және олардың тарихтағы рөлін бейнелейді. Еуропалық отарлық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына әсерін сипаттайды.													
26	1. Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы	Пән тарихи деректер негізінде Азия және Африка елдерінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуын XVII ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңді қарастырады. Шығыс елдері үшін жалпыға бірдей қабылданған кезеңдерге бөлудің шарттылығын,	5	+	+		+	+							

		олардың өркениеттік даму ерекшелігі көрсетіледі. Азия және Африка халықтары мен елдерінің тағдырындағы отарлау мен трансформацияланудың ролі зерттелінеді.													
	2. Қытай тарихы	Қытай тарихын көне заманнан, мемлекеттіліктің пайда болуынан бүгінгі күнге дейін, оның даму эволюциясын, Қытай өркениетінің ерекшеліктері мен айшықты белгілерін тарихи деректер негізінде зерттейді. Әрбір тарихи кезеңдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму, ішкі және сыртқы саясаты, ұстанған дипломатиясы, Қытайдың халықаралық аренадағы ролі, қазіргі Қытайдың даму тенденциялары қарастырылады													
27	Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	Тарихи деректер мен тарихшылардың ғылыми еңбектері негізінде Бірінші дүниежүзілік соғыстан қазіргі кезеңге дейінгі Еуропа мен Американың жетекші мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихын зерттейді. Әлеуметтік-мәдени және шаруашылық-экономикалық дамудың негізгі тенденцияларымен, Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі кезеңдегі географиялық кеңістіктегі ролімен таныстырады.	5	+		+	+								
28	Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы	Тарихи дерек көздері негізінде XX - XXI ғ. басындағы елдердің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуы, отарлауға қарсы күрес тарихы, тәуелсіздікке ие болу, даму жолын таңдау зерттеледі. Өркениеттің алуан түрлілігі: Қытай және социалистік елдер, Жапония және «Азия айдаһарлары», мұсылман	5	+		+	+								

		елдері, тропикалық Африка әлемі ашылып көрсетіледі. Қазіргі әлемдегі Шығыс елдерінің рөлі анықталады.													
29	Дінтануға кіріспе	Дін ұғымын, дін элементтері мен құрылымын, функцияларын, діни ұйымдарды, дін типтерін, ежелгі формаларын, ұлттық-мемлекеттік және әлемдік діндердің пайда болуының алғышарттары мен тарихын қарастырады. Әлемдік діндердің жікке бөліну себептері мен салдарларын талдайды. Қазіргі қоғамдағы әлемдік діндердің орны мен рөлін бағалайды.	5				+	+	+						
30	Ежелгі дүниенің мифологиясы және политеизм	Діннің пайда болу мәселелерін, мифологиялық сана мен ойлауды, діни нанымның ерте формаларын, ежелгі діндердің политеистік сипатын, олардың адам мен қоғамның қалыптасуындағы рөлін қарастырады. XIX-XX ғғ. мифтер теориясы мен типологиясын, әлем халықтарының мифологиялық мұрасын, рулық қатынастардың ыдырау дәуіріндегі діни түсініктердің дамуын түсіндіреді. Әлемдік мәдениеттің дамуындағы мифологияның маңызын бағалайды.	5	+		+	+	+	+						
31	1. Тарихты зерттеу әдістемесі	Тарихшының зерттеу қызметінің негіздерін: тақырыпты тандау мен тұжырымдауға, тарихнамалық іріктеу мен зерттеуге, библиографиялық және жұмыс карточкаларын құрастыруға, деректерді жинауға, іріктеуге, оқу және деректерді тарихи сынауға, жұмыс жоспарын құру, еңбекті әдеби безендіруге оқытады. Зерттеудің деректанулық, тарихнамалық,	3		+						+		+		

		тарихи моделдерін, мульти-медиялық құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін, ғылыми жобаларды жасауды қарастырады.													
	2. Оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	Тарих пәні мұғалімінің оқушылармен зерттеу жұмысын ұйымдастыруының негіздерімен, оны өткізудің түрлері мен тәсілдерімен таныстырады. Зерттеудің тікелей сабақтарға енгізілу әдістері, ғылыми зерттеу моделдері, мультимедиялық құралдарды пайдалану, сыныптан тыс зерттеу жұмысының (үйірмелер, тарихи қоғамдар, сыныптан тыс іс-шаралар), дарынды оқушылармен жеке жұмыс істеу ерекшеліктері зерттелінеді.													